# QAZAQ ÝNIVERSITETI

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№4 (1713)
29 қаңтар
2019 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz


# 2019 жыл – ЖАСТАР ЖЫЛЫ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері мен оқытушы-профессорлық құрамы, қызметкерлер ұжымы Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында барлығы түгел жиналып, Астана қаласында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қатысуымен «Тәуелсіздіктің ұрпақтары» атауымен Жастар жылының ашылу салтанатын тікелей эфирде тамашалады.**



*Фото: Казақпарат*

Елбасы ауыл жастарын, өнерлі жастарды қолдауға, жастардың startup жобалармен айналысуына мүмкіндік жасауға, сапалы білім алуға, жұмыспен қамту, тұрғынүй мәселесі мен жастардың отбасы құруына да жағдай жасау керектігіне баса назар аударды. Сондай-ақ, жастар ел болашағы екенін ескерген Елбасы жастарға арналған «Жас маман», «Жас кәсіпкер» бағдарламасын жасауды ұсынды.

«Біздің көз алдымызда жаңа жаһандық өркениет келе жатыр. Цифрлық қоғамның, экономика мен білімнің дәуірі келді. Қазір бәрінің 10 жылдың ішінде қалай өзгеріп жатқанын көре беріңіз. Сол үшін біздің мемлекет уақыт алға тартып отырған тегеуріндерге жауап бере алуы керек. Мен көріп отырған қазақстандықтардың жаңа буыны – Қазақстанның ең орасан жетістігі, Мемлекет басшысы ретіндегі менің жұмысымның нәтижесі. Сіздермен кездесіп отырғаныма үшін өте бақыттымын. Мен Қазақстанда Жастар жылының басталуымен құттықтаймын», – деді Мемлекет басшысы.

**Марина Фалеева, Филология және әлем тілдері факультетінің 3-курс студенті:**

– Бәріміз білетіндей 2019 жыл – жастар жылы деп жарияланды. Жастар мәселесі тек биылдан басталған жоқ, Елбасымыз бұрыннан ел ертеңі жастар екенін айтып келеді. Бұл мәселе биылдан бастап, қарқынды дамып, жүзеге асады деп ойлаймын. Сондай-ақ, жастар жылы биыл біздің университетіміздің 85 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Сондықтан, осы жыл жаңа тың жобаларды, идеяларды алып келері сөзсіз. Осындай жобалардың бірі біздің университетімізде іске асырылып жатыр, ол «85 қайырымды іс» жобасы. Жоба ерекшелігі, әрбір студент ҚазҰУ қалашығында бір қайырымды іс жасауы керек. Сондай-ақ, еріктілер кітапшасы жасалмақшы. Бұл еріктілердің еңбегін марапаттау мақсатында жасалмақшы. «Парасатты үй» бағдарламасы бар, ол қазіргі жастарды қолайлы өмірге икемдеу үшін жасалған».

**Берік Сағитжанов, Механика-математика факультеті, механика мамандығының 2-курс магистранты, жоғарғы курс студенттерінің ғылыми қоғамының төрағасы:**

– Қазіргі таңда ҚазҰУ жастары халықаралық, республикалық жобаларға қатысып, жүлделі орындар иеленіп жатыр. Алдағы уақытта Республика бойынша Интроп, яғни ақпараттық технологиялар мен робототехниканы біріктіріп, ректордың қолдауымен бір жоба наурыз айында басталмақ. Біз барынша жастарды алға жетелейміз, оларға барынша қолдау көрсетеміз. Сол үшін ректорымыз бен Елбасымызға алғысымызды білдіреміз. Елбасы сенім артқан жастар осы ҚазҰУ жастары екенін дәлелдегіміз келеді».

**Сағынғали Айдарбаев, Халықаралық қатынастар факультетінің деканы:**

– Заманымыздағы жастар рөлін айтқым келеді. Елбасы бірнеше басты мәселеге тоқталды. Солардың ішінде, еліміздің экономикасымен байланысты мәселе студенттердің стартаптарын қолдау туралы қор құру бастамасы ерекше. Бұл өте маңызды. Мұндай қорлар әр жерде, университеттерде болды, мысалы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да стартап қорлары, технопарк бар. Студенттік стартаптар қолдау тауып жатса, табысты, сәтті бастамалар бар. Ал енді бұл Ұлттық деңгейде, мемлекет көлемінде болмаған еді, енді бұл іс қолға алынады, кәсіпкерлікті дамытуға мүмкіндік болады.

**Еңлік АҚЖІГІТ**

# ҚазҰУ-да ЖАСТАР ФОРУМЫ ӨТТІ

**Мемлекет басшысының «Тәуелсіздіктің ұрпақтары» атты Жастар жылының ашылуында айтылған ойлары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткен студенттік форумда талқыланды. Өздері бастама танытқан жетекші университеттің студенттері Қазақстан жастарын «Жастардың шығармашылығы мен күш жігері – еліміздің инновациялық дамуы үшін» ұлттық жастар қозғалысына қосылуға шақырды.**

Бір алаңда 2 мыңнан асқан жастар – студенттік ұйымдардың көшбасшылары, жас ғалымдар, стартаперлер, кәсіпкерлер мен еріктілер жиналды. Пікірлермен және тәжірибелермен алмасу Президент айтқан барлық негізгі бағыттар бойынша өрбіді. Талқылаудың басты бағыты білім экономикасын құруға жастарды қатыстыру жолдарын табуға арналды.

Форумды ашқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов: «Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда жаңа формацияның жас толқыны өсті. Ел Президенті мен мемлекет оның қалыптасуына және дамуына көп үлес қосты. Мемлекет тәуелсіздігін нығайтудың жауапкершілігі мен интеллектуалды ұлт қалыптастыру және әлемдік деңгейде ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда жастарға аса зор жауапкершілік пен үлкен үміт жүктеледі», – деп атады.

*Жалғасы 3-бетте*

# ҚОҒАМ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПТЫ ІС

**Кезекті ректорат мәжілісінде дәстүрге айналған профессор-оқытушылар құрамы, факультет және кафедра деңгейіндегі индикативтік жоспардың орындалу барысы талқыға түсті.**

Бұл туралы стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшат Салауатқызы 2018-2019 оқу жылының алғашқы жартыжылдығындағы университет индикативтік жоспарының орындалуы туралы баяндама жасап, жоспардағы барлық бағыттардың көрсеткіштеріне және биылғы жылы жоспарда өзгертілген оқу-әдістемелік жұмыс, халықаралық ғылыми білім беру қызметі, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет, әлеуметтік-тәрбие жұмысы бағыттары бойынша орын алған мәселелерге тоқталып өтті.

*Жалғасы 2-бетте*


ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНА ҮНДЕУІ

2-бет



КУРС НА МОДЕРНИЗАЦИЮ

4 стр.



БІЛІКТІ МАМАН

5-бет



Жалғасы. Басы 1-бетте

# ҚазҰУ-да ЖАСТАР ФОРУМЫ ӨТТІ

Мемлекет басшысы жастар алдына қойған тапсырмаларды орындауға студенттер қандай үлес қоса алатындары жайлы өз ойларын ортаға салды. Сондай-ақ олар 4.0 индустриясын құруға бағытталған жеке идеялары мен инновациялық жобаларын ұсынып, стартаптарды іске асыру тәжірибелерімен бөлісті.

Форум жұмысының қорытындысы ретінде «Жастардың шығармашылығы мен күш-жігері – елдің инновациялық дамуы үшін» ұлттық жастар қозғалысын құру жөніндегі бастамасы ұсынылды. Студенттер ел жастарын қозғалысқа белсенді қатысуға және бар білімін, қабілетін, шығармашылығын креативті идеяларды, жобаларды және инновацияларды жасауға және енгізуге арнауға шақырды.

«Қазақстан Жастар жылына аяқ басты, бұл – Елбасының ел болашағы жас ұрпаққа деген үлкен әрі ерекше қамқорлығының көрінісі. Мемлекет біз үшін бір нәрсе жасап береді деп күтіп отырудың еш қажеті жоқ. «Мен елім үшін не істей аламын?» деген сұрақты әрбір адам өзіне қоюы тиіс», - делінген үндеуде.

Үндеуде көрсетілгендей, жыл сайын елімізде ЖОО қабырғасынан 200 мыңға жуық түлек бітіріп шығады. Олар өмірге қаншалықты білім қорымен қадам басады және азаматтық ұстанымы қаншалықты белсенді деген сұрақ туады. Маңыздысы сол олар қажетті құзіреттілікке қол жеткізген соң жұмыссыздардың қатарын емес, өздері жұмыс орындарын құра алған азаматтардың бірегейі болу тиіс. Себебі еліміздің ертеңгі гүлденуі олардың Қазақстан қоғамының дамуына қосқан үлесіне тығыз байланысты.

Елбасы айтқандай, Қазақстанға ғылым мен инновацияны көтеретін және 4.0. индустрияны құратын креативті ұрпақ керек. Тек сол кезде ғана елдің жаһандық технологиялар трендіне сай дамуын және әлемдік кеңістіктегі оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете аламыз.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, жастарды білім экономикасын дамытуға тарту жаңа идеяларды, ойлар мен инновацияларды анықтауға және қолдауға бағытталған алаңдарды құруға ықпал ететіндігі құжатта айтылған.

Интеллектуалды-шығармашылық әлеуетті ынталандыру мақсатында және талантты жастарды анықтау үшін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 6 жылдан бері «Менің Қазақстанның инновациялық дамуына қосқан нақты үлесім» үздік жас ғалым, үздік студенттік старт-апқа, «Өз елімнің гүлденуі үшін мен не істей аламын?» атты үздік эссе мен поэтикалық шығармаға, «Мәңгілік ел – менің мұратым» үздік патриоттық әндерге арналған ҚР Бірінші Президенті күнінде қорытындысы шығарылатын байқаулар жобасы жүзеге асырылып келеді.




«Ұлттық жастар қозғалысын қалыптастыру мақсатындағы аталмыш тәжірибе негізінде «Жастардың шығармашылығы мен күш жігері – еліміздің инновациялық дамуы үшін» ұранымен жоғарыда аталған байқауларды республиканың барлық жастары арасында жыл сайын өткізу тәжірибесін қарастыруды ұсынамыз», - делінген ҚазҰУ студенттерінің үндеуінде.

Форум қатысушылары ұлттық жастар қозғалысы Қазақстан студенттерінің жалпы қолдауына, Қазақстан көлемінде жүйелі негізде жүзеге асырылуы жастардың жаңа идеяларының, жобалары мен шығармашылық бастамаларының тұрақты ағынын қамтамасыз ететініне, оның кәсіпкерлік дағдыларын қалыптастыруға ықпал жасап, болашақта жеке инновациялық кәсіпорындарын құруға ынталандыратынына сенім білдірді. «Егер бұл жобаға әрбір университет, кәсіпорын және аймақ қосылса, онда инновациялық жастар қозғалысы шын мәнінде жаппай болып, білім экономикасының дамуына зор ықпал ететін ынталандырушы күш болады. Біз жастардың ең үздік бастамалары мемлекеттік ұйымдардың барлық деңгейіндегі тиісті ресурстардан қолдау табады деп сенеміз! Осыған орай Біз үлкен ынтамен Президенттің тапсырмасын қолға ала отырып, талантты жастардың идеялары мен стартаптарына көмек көрсету мақсатында арнайы грант табыстайтын бизнес-құрылымдарға ұсыныс тастаймыз. Біздің ұсынысымыз ары қарай кең көлемде жүзеге асырылса, онда ол қоғамда қолайлы инновациялық орта жасауға әрі жастардың күш жігері мен шығармашылығының жасампаз күшке айналуына мүмкіндік береді. Қазақстанның ең дамыған 30 елдің қатарына қосылуы толығымен бізге байланысты! Еліміздің болашағы – біздің қолымызда», - деп шақырды ҚазҰУ студенттері.

Форум қатысушылары өз тарапатарынан жасалған үндеу мен ұлттық жастар қозғалысы Қазақстан студенттерінен жалпыортақ қолдауға ие болады деп үміт артты.

**Өз тілшімізден**

## QYSQA-NUSQA

**Ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ-dyń «Jýrnal klýby» ǵylymı úıirmesiniń jetinshi otyrysy ótti.**

Otyrys qatysýshylary kohlearly ımplantanttardy ornatqannan keıin balalar men olardyń otbasylarynyń ómir súrý sapasyn baǵalaý jáne ómir súrý sapasynyń faktorlary men balalardyń qarym-qatynas daǵdylarynyń arasyndaǵy yqtımal korrelıasıalardy baǵalaý boıynsha júrgizilgen zertteý nátıjeleri kórsetilgen ǵylymı basylymdy talqylady. Usynylǵan ǵylymı maqalanyń tıimdi jáne tıimsiz jaqtaryn anyqtaı otyryp, medısına jáne densaýlyq saqtaý fakýltetiniń oqytýshylary men stýdentterine málimetter bazasynda ǵylymı jarıalanymdar izdeý, óz maqalalaryn jazý, óz zertteýlerin uıymdastyrý jáne t. b. jóninde qundy usynystar aıtyldy. Zertteýshilerdiń ǵylymı ádebıetterdi zertteýi belgisiz jáne jańa bilim alýǵa ǵana emes, sonymen qatar ǵalym óziniń zertteýleri arqyly adam qoǵamynda bilimdegi olqylyqtardy anyqtaýǵa da yqpal ete alady.

**Medısına jáne densaýlyq saqtaý fakýlteti**

***

**Jýyrda Qıyr Shyǵys kafedrasynyń koreıtaný bólimi Elbasy N. Nazarbaevtyń «Uly Dalanyń jeti qyry» atty maqalasyn talqylandy. Kýrator-edvaızerler jáne «Shyǵystaný» mamandaǵynyń doktoranty Sermýhametova Bagjan tarıhı kózqaras arqyly qazirgi zamannyń negizgi basymdyqtary týraly 1 kýrs stýdenterine egjeı-tegjeıli baıandap berdi.**

Prezıdent Nursultan Nazarbaevtyń «Uly Dalanyń jeti qyry» atty maqalasy bul tek el ekonomıkasyn jańǵyrtýdy ǵana emes, sonymen birge eldiń transformasıasynyń mańyzdy tiregi. Maqalada qoıylǵan maqsattardy júzege asyrý Uly dala eline jańa bilim ákeledi. Onyń basty ıdeıasy - ulttyq tarıhqa jańa kózqaras qalyptastyrý bolyp tabylady.

Shyǵystaný, aýdarma isi, shetel fılologıasy mamandyǵy boıynsha oqıtyn stýdentter: ««Prezıdentimiz N. Nazarbaev óziniń «Uly Dalanyń jeti qyry» atty maqalasynda ulttyq tarıhı máselesi týraly sóz qozǵady. Bizdiń tarıhı jáne mádenı qundylyqtarymyzdy árbir jas býyn tereńirek zerttep, túsiný qajet. Sondyqtan qazaqstandyq qoǵamnyń jas urpaǵy retinde, bul ıdeıany árbir adamnyń ómirine jetkizýge biz mindettimiz», – dedi jıynǵa qatysýshylar.

**Qıyr Shyǵys kafedrasy**

***

**Na otdelenıe koreevedenıa kafedry Dalnego Vostoka stýdenty ı prepodavatelı obsýdılı statıý Glavy gosýdarstva «Sem graneı Velıkoı Stepı». Edvaızer – kýrator, a takje doktorant po spesıalnostı «Vostokovedenıa» Bagjan Sermýhametova rasskazala o glavnyh prıorıtetah sovremennogo dnıa skvoz prızmý ıstorıı.**

Kak bylo otmecheno, statıa Prezıdenta Nýrsýltana Nazarbaeva «Sem graneı Velıkoı Stepı» - odın ız vajnyh stolpov ne tolko ekonomıcheskoı modernızasıı Kazahstana, no ı transformasıı strany. Eto glýbokıı vzglıad cherez prızmý vremenı v ee ıstorııý. Realızasıa seleı, postavlennyh v state, mojet prıvnestı novye znanııa za predely strany Velıkoı Stepı. Eıo osnovnoı myslıý ıavlıaetsıa novyı vzglıad na nasıonalnýıý ıstorııý. I eto ochen neobhodımo dlıa togo, chtoby molodoe pokolenıe osmyslenno ponımala ı prınımala svoı ıstokı. Naprımer, vsadnıcheskaıa kýltýra – eto vızıtnaıa kartochka Kazahstana. Eto to, chto prıvlekaet v nashý straný evropeıskıh týrıstov. "V state kýltýra kochevnıkov predstavlena ne tolko kak chast proshlogo, no ı kak prochnaıa osnova dlıa býdýshego Kazahstana. Ochen blızkoı k etoı konsepsıı ıavlıaetsıa naýchnoe napravlenıe o tom, chto ıstorııa ıavlıaetsıa toı dorogoı, po kotoroı mojno prııtı k postroenııý býdýshego nasıı.

Segodnıa Kazahstan kak ı v starye vremena zanımaet bolshýıý chast Novogo Shelkovogo pýtı. Takoe geografıcheskoe raspolojenıe otkryvaet vozmojnostı ne tolko dlıa rasshırenııa rynka, no ı dlıa rasprostranenııa kýltýry ı znanıı.

Vo vremıa obsýjdenııa sorok sem pervokýrsnıkov po spesıalnostıam «Vostokovedenıe», «Perevodcheskoe delo», «Inostrannaıa fılologııa» vyskazalı svoe mnenıe po state Glavy gosýdarstva.

«V state zatronýt vopros nasıonalnoı ıstorıı. Schıtaıý, chto my doljny prılojıt vse ýsılııa, chtoby nashı ıstorıcheskıe, kýltýrnye sennostı bylı bolee glýbje ızýcheny, ponıaty nasheı molodejıý. My gordımsıa, senım ı pomnım ıstorııý svoego naroda. My, kak molodoe pokolenıe kazahstanskogo obshestva obıazany pronestı etý ıdeıý v jızn kajdogo», zaklıýchıla molodoı edvaızer Bagjan Sermýhametova.

**Kafedra Dalnego Vostoka**

## РЕКТОРАТ

# ҚОҒАМ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПТЫ ІС

Жалғасы. Басы 1-бетте

Жоспарға сәйкес оқыту үдерісі мен оқыту сапасын бақылау мақсатында барлық пәндердің жоспарланған кестеге сай өтуін қадағалаған директор ағылшын тілінде оқытылатын пәндер санына назар аударып, QS SUBJECT ғылыми бағыттарының рейтингісінде алға жылжу үшін халықаралық бәсекеге қабілеттілікті арттыру қажет деп атап айтты.

Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең маңызды жауапты іс. Сондықтан мемлекетіміздің даму, жаңару жолындағы өзгерістер еліміздің білім беру саласына өз әсерін тигізуде. Қазіргі заманауи жағдайдағы білім берудің болашағы қоғамның даму үдерісімен білімнің ғылыми интеграцияға ұмтылуымен, қоғамда жинақталып және үнемі өсіп отыратын,



ақпарат көлемінің әртүрлілігімен анықталады – деді жиынға қатысушылар. Сондай-ақ мәжіліс барысында аралас жекпе-жекте халықаралық турнирдің чемпионы атанған студенттер арнайы марапатталып, университеттің бірқатар қызметкерлеріне ҚР БҒМ министрі Е.Сағадиевтің алғысхаты табысталды.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

**28-31 қаңтар аралығында шығыстану факультетінде Үндістан Республикасының 70-жылдығы мен Махатма Гандидің 150 жылдық мерейтойы қарсаңында «Үндістан күндері» фестивалі өтеді**

# ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНА ҮНДЕУІ

**Біз, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері, бүкіл ел жастарына үндеу тастаймыз! Қазақстан Жастар жылына аяқ басты, бұл – Елбасының ел болашағы жас ұрпаққа деген үлкен әрі ерекше қамқорлығының көрінісі. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін нығайтудың жауапкершілігі мен интеллектуалды ұлт қалыптастыру және әлемдік деңгейде ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда жастарға аса зор жауапкершілік пен үлкен үміт жүктеледі.**



Жастар жылы жарияланды, ендігі іс – біздің қолымызда! Мемлекет біз үшін бір нәрсе жасап береді деп күтіп отырудың еш қажеті жоқ. «Мен елім үшін не істей аламын?» деген сұрақты әрбір адам өзіне қоюы тиіс. Жыл сайын елімізде ЖОО қабырғасынан 200 мыңға жуық түлектер бітіріп шығады. Олар өмірге қаншалықты білім қорымен қадам басады және азаматтық ұстанымы қаншалықты белсенді деген сұрақ туады. Маңыздысы сол олар қажетті құзіреттілікке қол жеткізгеннен соң жұмыссыздардың қатарын емес, өздері жұмыс орындарын құра алған азаматтардың бірегейі болу тиіс.

Себебі еліміздің ертеңгі гүлденуі олардың Қазақстан қоғамының дамуына қосқан үлесіне тығыз байланысты.

Постиндустриалды қоғам жағдайында мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі жоғары инновация мен технологияға қарай айқындалады. «Асыл тастан – ақыл жастан» деген дана халқымыз. Қазақстанға біздің жаңа идеяларымыз, ойларымыз, жаңалықтарымыз, сонымен бірге Индустрия 4.0. құруға белсенді түрде қатысуымыз аса қажет. Тек осындай жағдайда ғана елімізді ғаламдық технологиялық трендтермен сәйкестікте дамыта аламыз. Жастарды елімізді дамытудың инновациялық жаңғырту үдерісіне тарту тәжірибесі жаңа идеяларды айқындау мен қолдау жаңа арнайы алаңдар құруға жағдай жасап отыр. Мысалы, интеллектуалды-шығармашылық әлеуетті ынталандыру мақсатында және талантты жастарды анықтау үшін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 6 жылдан бері «Менің Қазақстанның инновациялық дамуына қосқан нақты үлесім» үздік жас ғалым, үздік студенттік стартапқа, «Өз елімнің гүлденуі үшін мен не істей аламын?» атты үздік эссе мен поэтикалық шығармаға, «Мәңгілік ел – менің мұратым» үздік патриоттық әндерге арналған ҚР Бірінші Президенті күнінде қортындысы шығарылатын байқаулар жобасы жүзеге асырылып келеді.

Осы өткен 6 жыл ішінде бұл жобалар елеулі шығармашылық алаңға айналып, студент жастар арасында қызығушылық туғызып, өзінің өте жоғары деңгейдегі тиімділігін көрсетіп отыр. Бабаларымыздан қалған «Бұлақ көрсең - көзін аш» деген қанатты сөз бар. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тәжірибесі негізінде ұлттық жастар қозғалысын қалыптастыру мақсатында барлық ел жастары арасында жыл сайын «Жастардың шығармашылығы мен күш-жігері – еліміздің инновациялық дамуы үшін» ұранымен аталмыш байқауды өткізіп отыруды ұсынамыз.

Осынау жобаның жыл сайын жүйелі түрде Қазақстанның барлық аумағында өткізілуі жаңа жобалардың, жаңа идеялар мен бастамалардың пайда болуына негіз қалап, олардың кәсіпкерлік құзіреттілігінің қалыптасуына және жастардың болашақта жеке инновациялық кәсіпорнын құруына жол ашады деп сенеміз. Егер, бұл жобаға әр университет, кәсіпорын, аймақ қосылатын болса, инновациялық жастар қозғалысы еліміздің дамуына игі ықпал ететін, нағыз бұқаралық жобаға айналарына сенімдіміз.

Біз жастардың ең үздік бастамалары мемлекеттік ұйымдардың барлық деңгейіндегі тиісті ресурстардан қолдау табады деп сенеміз! Осыған орай Біз үлкен ынтамен Президенттің тапсырмасын қолға ала отырып, талантты жастардың идеялары мен стартаптарына көмек көрсету мақсатында арнайы грант табыстайтын бизнес-құрылымдарға ұсыныс тастаймыз. Біздің ұсынысымыз ары қарай кең көлемде жүзеге асырылса, онда ол қоғамда қолайлы инновациялық орта жасауға, әрі жастардың күш-жігері мен шығармашылығының жасампаз күшке айналуына мүмкіндік береді.

Біз еліміздің жастарын «Жастардың шығармашылығы мен күш жігері – еліміздің инновациялық дамуы үшін» атты жобаға белсенді түрде қатысуға және өз білімдерін, біліктілік пен шығармашылықтарын жаңа креативті идеялар мен инновацияларды ойлап табуға бағыттауға шақырамыз. Қазақстанның ең дамыған 30 елдің қатарына қосылуы толығымен бізге байланысты!

Еліміздің болашағы – біздің қолымызда!

# ПОИСК ПУТЕЙ РЕШЕНИЯ

**Вопросы глобального потепления и изменения климата стали предметом обсуждения ученых КазНУ и Франции на круглом столе «Изменения климата в Казахстане: уязвимость и устойчивость».**



В его работе приняли участие Чрезвычайный и Полномочный Посол Франции в Республике Казахстан Филипп Мартинэ, эксперты и специалисты в области изменения климата РГП «Казгидромет», Института географии, Института Космических исследований им. У. Султангазина, а также учёные кафедры метеорологии и гидрологии.

С приветственным словом выступил ректор КазНУ академик Галым Мутанов, он отметил актуальность темы встречи и активную поддержку Франции международных усилий по предотвращению изменения климата Земли.

В ходе круглого стола специалистами и учеными обсуждались современные тенденции климатических изменений в мире и в Казахстане, факторы риска и меры повышения устойчивости к ним. По их мнению, расширение международного сотрудничества в научно-образовательной сфере, обмен идеями и опытом, участие в совместных научных проектах и исследованиях позволят найти пути решения глобальной проблемы человечества. И в этом большую роль играют университеты как центры передовых знаний, инноваций и научной мысли.

Посол Ф. Мартинэ поблагодарил руководство КазНУ за теплый прием и организацию круглого стола, рассказал о шагах, предпринимаемых Францией для снижения влияния производственной деятельности на окружающую среду, и роли в этом академического сообщества. Также он проинформировал о программах академического обмена студентами по изучению изменения климата.

**Кафедра метеорологии и гидрологии**

ҚУНДЕЛІК

## ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

*Жалғасы. Басы алдыңғы нөмірде*

### 2016 жыл

**ҚАҢТАР**

Жыл басында Түркі халықтарының Дүниежүзілік конгресінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ "Түркі елдерінің үздік ЖОО" атағын иеленді.

Қазақстан Республикасының Вице-премьері Дариға Назарбаева ҚазҰУ активистері мен кездесіп, "бір терезе" принципі бойынша студенттерге 500-ден астам білім беру, медициналық, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени қызмет көрсетілетін инновациялық нысан – "Керемет" студенттерге қызмет көрсету орталығында болды.

"QS" халықаралық рейтинг агенттігінің аймақтық директоры Зоя Зайцева жоғары оқу орнының басшылығымен кездесті. Ол ҚазҰУ-дың соңғы үш жылдағы қызметіне жоғары баға берді және де университеттің әлемдік рейтингте бірегей тәсілдерін ерекше атап өтті.

**АҚПАН**

ҚазҰУ испаниялық "Cybermetrics Lab" зерттеу тобы жасаған қазақстандық университеттердің үздік 20 сайтының рейтингісінде көшбасшы болды.

"UNI-TWIN" бағдарламасы аясында ҚазҰУ-да тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО-ның аймақтық хабы және де кафедрасы ашылды.

ҚазҰУ делегациясы БҰҰ-ның Стамбулдағы "Өркениеттер альянсы" үйлестіру комитетінің отырысына қатысты. Форум ұйымдастырушылары ЮНЕСКО және ТҮРКСОЙ қолдауымен 2020 жылды "әл-Фараби жылы" деп жариялау туралы университеттің ұсынысын қолдады.

**НАУРЫЗ**

БҰҰ Бас хатшысының орынбасары Кристина Гаяк ҚазҰУ-дың БҰҰ "Академиялық ықпал" бағдарламасын тұрақты дамыту жөніндегі жаһандық хабы ретіндегі қызметін тағы екі жылға ұзартуы туралы жариялады.

"Керемет" СҚО-ның базасында студенттерге нарықтық бағадан төмен азық-түлік себетінің толық жиынтығын ұсынатын әлеуметтік дүкен ашылды.

ҚазҰУ-ға Кембридж университетінің, Түркия және Иран жоғары оқу орындарының өкілдері келді. Үш жақты талқылау аясында Кембридж университетінде Түркітану бойынша Орталық-Азиялық зерттеулер орталығын және ҚазҰУ-да "Иран-Тұран" орталығын дамыту туралы шешім қабылданды.

**СӘУІР**

Сәуір айында дәстүрлі түрде III Халықаралық Фараби оқулары бастау алды, оған АҚШ, Түркия, Франция, Ұлыбритания, Иран, ТМД елдерінің ғалымдары, сондай-ақ БҰҰ, ТҮРКСОЙ, ЭСКАТО, ЕҚЫҰ халықаралық ұйымдарының өкілдері қатысты.

Индонезия мен Вьетнам Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілерінің сапары барысында ҚазҰУ-да АСЕАН өңірлік білім беру-ғылыми орталығын құру туралы келісімге қол жеткізілді.

ҚазҰУ Орталық Азиядағы бірінші болып әлемнің 130-дан астам университеттерін біріктіретін Жібек жолы университеттері Альянсының комитетіне кірді, ал ректор, академик Ғалым Мұтанов осы ұйымның вице-президенті мәртебесіне ие болды!

Пекин шет тілдер университетінде Қазақ мәдениеті орталығы ашылды және әлемнің басқа тілдерімен қатар қазақ тілі оқытыла бастады.

Сәуір айының айтулы мәдени іс-шарасы Наурыз мейрамын тойлау болды. Аталмыш мейрамға профессор-оқытушылар құрамы мен студент жастар, сонымен қатар әлемнің 50 елінен шетелдік дипломатиялық миссиялар мен жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты.

**МАМЫР**

Орталық және Оңтүстік Азиядағы ең ірі "БҰҰ үлгісі – Жаңа Жібек жолы" атты Халықаралық студенттік конференциясында ҚазҰУ әлемнің 20 елінен 360 делегаттың басын біріктірді.

Әл-Фараби ғылыми кітапханасында Түрік Республикасының теледидар және радио Жоғары Кеңесінің қатысуымен Түркі тілдес елдердің сегізінші Медиаконгрессі өтті. Конгресс нәтижесі бойынша ҚазҰУ базасында түркітілдес елдердің медиаорталығы мен бірыңғай ақпараттық-коммуникациялық порталын құру туралы келісімге қол жеткізілді.

Мамыр айының соңғы сенбісінде ҚазҰУ Түлектер қауымдастығының төрағасы, ҚР Жоғарғы Сотының Төрағасы, заң ғылымдарының докторы, 1981 жылғы Заң факультетінің түлегі Қайрат Мәмидің қатысуымен ҚазҰУ түлектері күні өтті.

*Жалғасы келесі бетте*

***ҚазҰУ-да «Қазақстанда климаттың өзгеруі: осалдығы және тұрақтылығы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті***

# КУРС НА МОДЕРНИЗАЦИЮ



**В КазНУ прошла республиканская научно-практическая конференция «Национальное историческое сознание и модернизация общества в XXI веке», посвященная реализации общенациональных программных статей Елбасы «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» и «Семь граней Великой степи».**

В мероприятии, организатором которого выступил факультет истории, археологии и этнологии, приняли участие ведущие ученые историки, филологи, востоковеды, преподаватели и студенты.

Академик Б.Е. Комеков в своем выступлении раскрыл важность изучения исторических особенностей и этнокультурных ценностей кочевников на основе междисциплинарного синтеза, политической и этно - социальной основы института кочевого общества. В докладе он затронул и вопросы изучения истории казахской государственности.

На конференции также выступили почетный академик НАН РК Талас Омарбеков, директор Института языкознания им. А. Байтурсынова, профессор Ерден Кажыбек, директор Научного исследовательского центра «Туран-Иран» Жеменей Ислам, директор Института истории и археологии им. Ш. Уалиханова, доктор исторических наук Зиябек Кабульдинов и другие ученые.

Во время конференции были обсуждены ключевые вопросы, связанные с оценкой роли и места Казахстана в мировой истории, пути формирования национального исторического сознания и модернизации общества в XXI веке.

**Факультет истории, археологии и этнологии**

## Үздік тәжірибе

**Білім беру тенденциялары қарқынды дамыған бүгінгі таңда ҚазҰУ халықаралық тәжірибе алмасуға үлкен көңіл бөліп отыр. Еліміздің үздік университеті әлемнің ең ірі білім орталықтарымен ынтымақтастықты арттыруда.**

Оқытушы және білімгерлер алмасу арқылы заманауи халықаралық білім бағдарламаларын меңгеру жүзеге асырылуда. Бұл мақсатты орындауға тарих, археология және этнология факультеті белсене атсалысып келеді. Осы орайда дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасына «Fulbright» бағдарламасы бойынша АҚШ-тың Вашингтон мемлекеттік университетінен танымал тарихшы, Таяу Шығыс және Ресей тарихы, мұсылман өркениеті бойынша білікті маман, тарих ғылымдарының докторы, профессор Марина Толмачова арнайы шақыртумен келіп, «Тарих» мамандығының 1-курс магистранттарына дәріс оқыды.

Профессор М.А. Толмачева дәріс барысында магистранттарға «Orientalism», «Travels of Ibn-Battuta», «Eastern Questions» атты тақырыптарда ғылыми, танымдық қызықты материалдар ұсынды. Профессор магистранттардың білімдерін жетілдіру мақсатында «Әлемдік өркениеттер түйісіндегі Еуразия тарихы» тақырыбын да қозғады. Еуразия және Орталық Азияның тарихи кезеңдеріндегі басты оқиғалар туралы тың деректермен бөлісті. Шетелдік зерттеушілердің еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдармен таныстыра отырып, магистранттарға аталған мәліметтерді болашақта өз зерттеулеріне қолдануға кеңес берді.

Дәрісті тыңдаған магистранттар сертификаттармен марапатталды. Сондай-ақ профессор Мария Толмачева өз кітапханасынан арнайы әкелген құнды кітаптарын университеттің Әл-Фараби кітапханасына сыйға тартты.

**П. НҰСҚАБАЙ,**
*дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының аға оқытушысы, PhD*

# СОСТАВЛЯВШИЕ УСПЕХА

**В современном мире, чтобы быть конкурентоспособным и востребованным специалистом, мало иметь качественное высшее образование, человеку необходимо уметь быстро адаптироваться к требованиям быстро меняющегося высокотехнологичного ритма жизни и развития общества.**

Именно университеты призваны подготовить не только, специалиста-профессионала, но и воспитать творческую многогранную личность, человека высокой культуры, свободных убеждений, разделяющего идею служения обществу. Поэтому вузы должны стать важнейшими интеллектуальными и общественными ресурсами страны и социальными институтами.

Говоря о востребованности качественного университетского образования, обратимся к истории и достижениям старейшего вуза в Казахстане – КазНУ им. аль-Фараби, который является ведущим высшим учебным заведением страны. Именно здесь одинаково эффективно осуществляются образовательная и научно-инновационная деятельность.

В этом году университету исполняется 85 лет. За это время он достиг больших результатов и сегодня стал одним из лучших вузов постсоветских стран, динамично продвигающим в мировых рейтингах.

Важнейшими отличительными признаками КазНУ являются способность не только генерировать новые знания, но и обеспечивать эффективный трансфер технологий в экономику, проведение широкого спектра фундаментальных и прикладных исследований. Вуз выгодно отличает наличие высокоэффективной системы подготовки кадров высшей квалификации, развитой системы программ переподготовки и повышения квалификации, двудипломного образования и полиязычного обучения.

Уровень развития научных исследований является одним из главных показателей рейтинга университетов. КазНУ на протяжении многих лет является основным исполнителем значительной части государственных программ в области фундаментальных и прикладных наук. Именно сбалансированность фундаментальных и прикладных исследований определила стержень программы развития науки в университете.

Мысль о создании в Казахстане университетов-лидеров, которые должны стать опорными «точками роста» экономики, основанной на знаниях, является очень прогрессивной. И КазНУ ставший ведущим научно-образовательным центром не только в республике, но и за ее пределами, взял курс на реализацию собственной оригинальной модели трансформации из классического университета в исследовательский вуз мирового уровня.

Одна из составляющих его успеха – динамизм и нацеленность на инновации, активное использование в образовательном процессе современных технологий и технических средств, развитие передовой инфраструктуры. Все в университете направлено на службу студентам, для того чтобы они приобрели новые знания, навыки и компетенции, стали конкурентоспособными профессионалами, патриотами и гражданами своей страны.

**Г. ҚАСЕН,**
*к.п.н., и.о. профессора,*
**А. САДЕНОВА,**
*магистрант II курса специальности «Социальная педагогика и самопознание» факультета философии и политологии*

КҮНДЕЛІК

# ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

*Жалғасы. Басы 3-бетте*

**МАУСЫМ**

ҚазҰУ-ға түркі университеттері Одағының делегациясы келді, ол Болон процесі бойынша "Erasmus+" және "Mevlana"бағдарламалары аясында студенттермен алмасу бағдарламаларын жүзеге асыру саласындағы мәселелерді талқылады.

Оңтүстік Орал мемлекеттік университеті (РФ) мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ арасында "Жылу энергетика" мамандығы бойынша қос диплом бағдарламасын жүзеге асыру туралы шартқа қол қойылды.

**ШІЛДЕ**

ҚазҰУ жанындағы Қазақстан-Корей медициналық орталығында Енсе университетінің "Кангнам Северанс" клиникасымен бірлесіп өткізілген қайырымдылық акциясы өтті. .

Студенттік кампустың аумағында "Мәңгілік ел" студенттер мен түлектердің триумфалды аркасы негізінде ұрпақтарға үндеу мәтіні бар алғашқы тас пен капсула төселді.

**ТАМЫЗ**

Рио-де-Жанейрода өтетін Олимпиада ойындарына Қазақстан құрамасының құрамына спорттың алты түрінен ҚазҰУ-дың 17 студенті кірді.

Олимпиада ойындарында дене тәрбиесі және спорт кафедрасының төртінші курс студенті Дмитрий Баландин Қазақстан тарихында жүзуден бірінші алтын медальға ие болды. Заң факультетінің студенті Елдос Сметов дзюдодан күміс медаль, ал еркін күрестен қола медаль Эльмира Сыздықова жеңіп алды.

**ҚЫРКҮЙЕК**

«Мәңгілік Ел» студенттер мен түлектердің аркасын салтанатты түрде ашылуы болды. Айтулы оқиғаға Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек, ақын Олжас Сүлейменов, көптеген қоғам қайраткерлері мен түлектер қауымдастығы президиумының мүшелері қатысты. Сондай-ақ жүзу бойынша бірінші Олимпиада чемпионы Дмитрий Баландин атындағы жаңа 25 метрлік жүзу бассейні ашылды.

"World University Rankings QS" агенттігінің зерттеу қорытындысы бойынша ҚазҰУ кезекті рет әлемдік рейтингте 39 позицияға көтеріліп, әлемнің үздік 250 жоғары оқу орнына еніп, 236 орынға ие бола отырып Орталық Азия мен ТМД-да өз көшбасшылығымызды сенімді түрде сақтап қалдық.

**ҚАЗАН**

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов ISESCO Ислам сыйлығының Ғылым және технология саласындағы лауреаты атанды.

Қытай Халық Республикасы Білім Министрінің орынбасары Чжу Чживэнь мырзаның сапары барысында ҚазҰУ-мен IT-технологиялар саласындағы мамандар мен кәсіби аудармашыларды бірлесіп дайындау туралы келісімге қол жеткізілді. Университеттің он бес студенті Жапонияның жетекші жоғары оқу орындарында білім алу үшін гранттар мен шәкіртақыға қол жеткізді.

**ҚАРАША**

ҚазҰУ-да ахуалдық басқару орталығы ашылды. Аталмыш орталық ағымдағы қызметті бақылау мен мониторингілеу, жедел шешім қабылдау үшін коммуникацияның, ақпаратты интерактивті жинау мен талдаудың қазіргі заманғы құралдарымен жабдықталған.

Беделді американдық "The Best School" ұйымы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды Қазақстанның ең үздік ЖОО деп атады.

БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун ҚазҰУ-дың Тұрақты даму жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық Хабы ретіндегі жоғары жетістіктері мен көшбасшылық рөлін ерекше атап өтті. Мұндай баға 2016 жылғы 4 қарашада Сеулде өткен үшінші халықаралық форумда айтылды.

ҚазҰУ мен Қазақстанның Жоғары Мектебінің Ұлттық Ғылым академиясы ашық білім берудің ұлттық платформасын таныстырды. Онлайн-білім берудің алғашқы отандық платформасын құру бастамашылығына 12 жоғары оқу орны қосылды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мен Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай ҚазҰУ-да "Мен жастарға сенемін!" атты IV республикалық патриоттық Фестивалі өтті.

**ЖЕЛТОҚСАН**

Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ҚазҰУ биотехнология кафедрасының ғалымдары Оңтүстік полюске жасаған экспедиция құрамында Антарктиданың ең биік шыңына Қазақстанның көк туын орнатты.

Түркияның ең беделді жоғары оқу орны – Ыстамбұл университетінде "Әл-Фараби" Еуразиялық зерттеу орталығының салтанатты ашылуы өтті.

Желтоқсанның жарқын оқиғасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған алаңның ашылуы болды.

*Жалғасы келесі нөмірде*

**ҚазҰУ-да «XXI ғасырдағы ұлттық тарихи сана және қоғамның жаңғыруы» атты ғылыми-практикалық конференция өтті**

# БІЛІКТІ МАМАН

**Адам баласының өмірінде білім ерекше орын алады. Білім – инемен құдық қазғандай, тек шынайы еңбек пен ізденуді және төзімділікті қажет етеді. Адамның мерейін өсіретін де, бақытқа кенелтетін де білім. Бүгінгі таңда мамандардың сұраныста болуы өте өзекті мәселелердің бірі.**



Білімді, білікті адам биіктерді бағындырып, қоғамға беретіні мол. Осындай білімімен көзге түскен, үлгі алатындай жас мамандардың бірі филология ғылымдарының кандидаты, профессор Алмаш Смайылқызы Сейдикенова. Түркия, Швейцария жоғары оқу орындарында оқуын тамамдап, француз, ағылшын және түрік тілдерін жетік меңгерген, керемет білімі бар аудармашы-маман.

Жуырда жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанып, Женева университетінің (Швейцария) арнайы шақыруымен «Білім беру және психология» факультетінің докторанттары мен магистранттарына «Қазақстандық шетел тілі оқытушыларын даярлаудағы мәдениетаралық әдіс-тәсілдер» тақырыбында дәріс оқып келді және профессорлық-оқытушы құрамына «Болон процесін қабылдағаннан кейінгі Қазақстанның білім беру жүйесі: жетістіктері мен кемшіліктері» атты ашық конференция өткізді. Ғалымның Женева университетінде өткізген дәрістері шетелдік әріптестері тарапынан жоғары бағаланып, осы жылдың маусым айында магистранттар мен докторанттарға тағы да дәріс оқуға шақыртылып отыр. Әріптесіміздің елеулі жетістіктері, әлбетте, кафедра ұжымы үшін үлкен мақтаныш.

Алмаш Смайылқызы 2018-2019 жылдар ішінде үш халықаралық жобаны ұтып алды, бірнеше шәкіртақылардың иегері, соның бірі Швейцария конфедерациясының шетелдік жас ғалымдарға арналған «Талант» шәкіртақысын екі мәрте иеленіп, Фрибург университетінде постдокторлық диссертациясын профессор Алина Гоар Раденковичтің жетекшілігімен жазып, табысты қорғаған. Профессор А.С.Сейдикенова былтырдан бері Дипломатиялық аударма кафедрасының меңгерушісі болып қызмет етуде, креативті, парасатты жетекшінің арқасында, аз уақыттың ішінде оңтайлы шешімдер қабылданып, алғаш рет кафедра «Үздік отыздың» ішіне кіріп, еңбегімен көрінген оқытушыларға бонустар төленуде. Қазіргі таңда кафедраның халықаралық байланысы, ғылыми көкжиегі кеңейіп, көптеген жобаларға жол ашылды. Мәселен, Франция, Италия, Швейцария, Германия, Англия, Ресей университеттерімен өзара ынтымақтастық бойынша келісім-шарттар жасалып, тығыз байланыс орнатылды. Халықаралық Франкофония Агенттігінің екі жобасын, Женева университетінің бір гранттық жобасын ұтып алып, ғылыми зерттеулер жүргізуге мақсат қойды. Оқытушылардың біліктілігін көтеру мақсатында шетелдік әріптестермен бірге әртүрлі ғылыми, оқу-әдістемелік семинарлар ұйымдастырылып тұрады.

**С. БӨРІБАЕВА**

# МАГИСТРАНТЫ КАЗНУ ВЫПУСТИЛИ В НЬЮ-ЙОРКЕ

**Магистранты КазНУ им. аль-Фараби приняли участие в круглом столе по модели ООН в США. Мероприятие на тему итогов деятельности Казахстана в Совете Безопасности ООН было организовано Постоянным представительством РК при Организации Объединенных Наций в Нью-Йорке совместно с Институтом устойчивого развития им. Пан Ги Муна при КазНУ и молодежной организацией университета «Модель ООН – Новый шелковый путь».**



Участники круглого стола обсудили такие актуальные для международного сообщества вопросы как - ситуация на Корейском полуострове, проблема урегулирования сирийского кризиса в контексте Астанинского процесса, развитие ситуации в Афганистане и др. Магистранты ведущего вуза Казахстана выступили с докладами в качестве экспертов по данным темам, ответили на вопросы и приняли участие в дискуссии. В ходе дебатов студенты обменялись мнениями и поделились видением решения этих злободневных проблем.

Открывая встречу Постоянный представитель Казахстана при Организации Объединенных Наций Кайрат Умаров рассказал об особенностях деятельности в Совете Безопасности и основных достижениях Казахстана на посту непостоянного члена главного органа ООН. Он подчеркнул, что за 2 года пребывания в СБ ООН представители нашего государства приняли участие в более тысячи заседаниях Совбеза ООН различного уровня.

«Достижения за время работы Казахстана в Совете Безопасности ООН стали возможными во многом благодаря широко известным, знаковым инициативам Главы нашего государства в антивоенной, антиядерной и антитеррористической сферах. Мы заслужили высокую оценку членов Совета за свою принципиальную и сбалансированную позицию по многим наиболее острым проблемам современного мира и смогли укрепить авторитет страны на международной арене», - отметил Кайрат Умаров.

Он также поделился с казахстанскими студентами личным опытом двухлетней работы в Совете Безопасности ООН. Подробно сообщил о том, как была организована первая за последние семь лет поездка членов Совета в Афганистан и специфике деятельности в качестве председателя нескольких санкционных комитетов СБ ООН.

Также он рассказал о подходах Казахстана к решению многих сложнейших международных проблем в условиях растущего напряжения и недостатка доверия в отношениях между ведущими мировыми державами.

В дискуссиях по модели ООН также приняли участие директор MDP «Global Classroom» КазНУ профессор Рафис Абазов, представитель департамента общественной информации Секретариата ООН Мэтью Пампин, магистранты факультетов философии и политологи, журналистики, Высшей школы экономики и бизнеса, которые в рамках программы академического обмена проходят обучение в Колумбийском университете.

**Соб. корр.**

# БОЛАШАҚ ЖАСТАРДЫҢ КӨЗІМЕН

**Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 2019 жыл «Жастар жылы» деп аталды. Осы жылға дейін елімізде түрлі реформалар жүргізіліп өзінің нәтижесін беруде. «Жастар жылы мемлекеттік саясаттың басымдылығына айналуы тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек»,– деген еді Елбасымыз.**

Жастар – Қазақстанның он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтарын айтамыз. Дамыған 30 елдің қатарына кіру жолында еліміздің жас қыранларының атқарар рөлі ерекше. Елімізде жас әрі білімді бизнесмендер мен білікті мамандарымыз жетерлік. Көпшілік жас бизнесмендеріміздің көп буыны жеңіл өнеркәсіппен айналысып түрлі технологияларды пайдаланып өз кәсіптерін жүргізіп отыр және басты мақсат олардың санын көбейту. Ғылым мен мәдениеттің дамыған заманында әлемдік аренада өз жастарымен мақтана алатын еңбексүйгіш халық тәрбиелеп, бәсекелестікке қабілетті ұлтты қалыптастыру.

Елімізде бәсекелестікке қабілетті, еліміздің болашағы болатын жас ғалымдарымызбен білімді жастарымыз жетерлік. Бастама болып отырған саясат тек қана жас ғалымдарға ғана емес ауылдық аймақта оқуға түспей қалған жастарымызға, екі қолға бір күрек емес өмірінің тірегі бола алатын өмірлік сүйікті кәсібін тауып, жұмысына қолдау көрсету. Елбасымыздың тапсырмасымен ауылға барған жастардың жәрдемақысын көтеруді және дипломмен ауылға деген бағдарламасының тізімін кеңейтуді тапсырды. Ауылға көшіп барған жастардың жәрдемақысын 70 айлық есептік көрсеткіштен 100 айлық есептік көрсеткішке дейін көтеру керек делінді. Жас ғалымдарға грант бөлуді мықтап қолға алып жоғары оқу орындарындағы бітіруші түлектерді бизнеске бейімдеу керек екенін алға тартты. Қасым Жомарт Тоқаев «Ендігі қазақ жастарының келешегі үшін нақты қадамдар жасап, мейлінше форумдар мен жиындардың санын азайтып жастарды кәсіпкерлікке тартып қолайлы әлеуметтік орта қалыптастыруды басты міндет болу керек» – деді.

Елімізде сапалы жастардың қоғам үшін берер дүниелері артып, сол істері ел игілігіне жарайтыны сөзсіз.

**Ақерке БӨКЕШ,**
*саясаттану және саяси технологиялар кафедрасы 1-курс студенті*



**На факультете медицины и здравоохранения состоялось седьмое заседание научного кружка «Журнальный клуб»**

# ҰСТАЗ МӘРТЕБЕСІ – ұлт мәртебесі

**Адамзат баласының қай кезеңде болмасын алдында тұратын ұлы міндеттерінің бірі – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпағының ақыл-парасаты мол, иманы мен жиғаны адал табуға тәрбиелеу – ата-ананың борышы болса, болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу - ұстаз борышы екені белгілі.**



Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың : "Еліміздің ертеңі - бүгінгі жас ұрпақтың қолында", - дегені бәрімізге белгілі. Еліміз өркениетті елдердің қатарынан орын алып, ұрпағымыз қоғам қажеттілігіне сай болып жатса, бұл – ұстаздардың еңбегінің жемісі. Олай дейтін себебіміз тұлғаны ұстаз тәрбиелейді, ал, ұстаз қандай болса, қоғам да сондай болатыны жазылмаған заңдылық.

Педагог мәртебесін нақты заң жобасы арқылы айқындап алу ел көкейінде жүрген көптен бергі мәселе. «Ұстаз қандай болуы керек, қойылатын талаптар қандай, ұстаздардың айлығы неге төмен, жас мамандар неге білім ордасына барудан қашады, бітпейтін қағазбастылық» деген сынды сансыз сұрақты, талқыға түскен бұл мәселені түбегейлі шешу үшін Президент Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауында Білім министрлігіне "Педагог мәртебесі" туралы жаңа заң дайындау тапсырмасын жүктеген болатын.

Елбасының жолдауында елімізде білімді мамандар даярлаудың, әсіресе педагог мәртебесін көтеру аса маңызды мемлекеттік шара екендігі ерекше аталып кетті. Өйткені сан ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігімізді мәңгілік етудің басты құралының бірі – өскелең ұрпаққа берілетін білім беру сапасына тікелей байланысты.

Білім беру жүйесінің басты мақсаты – тұлғаның ұлттық және жаңа адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, жеке тұлғаны тәрбиелеу, білім алу және жан-жақты қалыптасу, ана тілін, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, құрметтеу, денсаулығын нығайту сияқты басты қағидаттарды іске асыру болып табылады. Көрсетілген құндылықтарды білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту мемлекетіміздің білім беру жүйесінің басты міндеті ретінде қарастырылады. Осы көзделген міндеттерді жүзеге асыру үшін және білім сапасын көтеру үшін әлем елдерінің білім беру салаларының озық үлгілі тәжірибелерін зерттеп, терең талдап, сұраныска ыңғайлысын пайдалану сондай-ақ, елімізде білім беру жүйесін жетілдіруге кедергі келтіретін жағдайлардың орын алмауына қажетті ұсыныстарды да жан-жақты ескеруіміз қажет.

Ұстаздарға қатысты ел арасында тараған кейбір келеңсіз мәселелерден кейін, педагогтардың өлшеусіз еңбегі бола тұра, еңсесін моральдық тұрғыдан да, физикалық тұрғыдан да көтеруі қиынға соға бастаған еді. Елбасымыздың бұл тапсырмасы ұстаздар қауымының жүрек түкпіріндегі сұраныстарын қанағаттандырғандай болды. Талқыға түсіп жатқан заң жобасы кең ауқымды қарастыруды талап ете отырып, ұстаздардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырары сөзсіз.

«Ұстаз – жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі. Мейілінше, шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл рухы асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» деп әл-Фараби атамыз айтқандай, ұстаздық талаптарды қанағаттандыра алатын ақыл иесін болашақ педагогтарды дайындаудан бастау керек.

Осыған орай, мақалада ЖОО-да жаңашыл ұстаз қандай болу керек, педагог мәртебесін қалай арттыруға болар еді деген ой-пікірімізді оқырмандарға ұсынғымыз келеді.

Біріншіден, білім берудің негізгі көзі – білікті ұстаз екені белгілі, осы орайда өзіміз қызмет атқарып жүрген «қара шаңырағымыздың» данасы, заң ғылымдарының докторы, профессор А.Н. Ағыбаевтың «заң оқу орындарында ұстаздық қызметке алғанда, ең алдымен, олардың өзі оқытатын пәннің шын мәніндегі білгірі екендігі сот, тергеу, құқық қорғау қызметіндегі тәжірибесі, болашақ заңгерлерді әділеттілікке тәрбиелейтін өзіндік адами қасиеттері, дәріс берудегі шешендік ерекшеліктері басты назарға алынуы керек. Оқытушыларды конкурстық қызметке алғанда оларды, ең алдымен, студенттерге дәріс оқытып, білім деңгейі туралы студенттердің де пікірі басшылыққа алынғаны жөн. Өйткені, қазір ғылыми дәрежесі барлар көп, ал студенттерге дәріс беру, шынайы ұстаз болу өте жауапты іс. Жоғары білімді заңгерлердің білім саласы тиісті дәрежеде болса, мемлекетімізде заңдылық пен құқық тәртібі де биік деңгейде болады. Сонда ғана біз алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарынан орын аламыз» деген пікірімен толық негізде келісеміз.

Иә, ұстаз болу – біліктілік пен білімділікті, ізденіс пен ізгілікті талап етеді. Заңгер-ұстаз ол, айтқаны аудиторияда, жазғаны дәптерде қалатындай болмау керек, керісінше, қоғамға пайдасы тиетіндей заңгерлік көмек көрсете алатын, яғни, білімін теория мен тәжірибеде ұштастыра алатындай маман болуы керек. Ол үшін заңгер біліктілігін арттырып, яғни, тәжірибе жинақтау керек. Әрбір заңгер-ұстаз педагогикалық қызметінен бөлек, қосымша заңгерлік қызметті қоса атқарса, қоғамға да, өзіне де пайдасы тиері сөзсіз. Сонымен қатар, заңгерлік білім беруді өндірістік тәжірибемен тығыз ұштастыру қажет. Сот, құқық қорғау органдарының тәжірибесі қызметкерлерді болашақ заңгерлерге тәрбие беріп, олардың теориялық білімінің жетілуіне үлес қосқанының пайдалы жақтары көп. Осыған байланысты оқу жоспарын жаңдандырып, білім беру жүйесін оқу тәжірибелік істермен тығыз байланыста болуын қарастыратын сағат кестесін енгізу қажет. Жалпы, ұстаздық қызметке студентке беріліп, бірге жұмыс істейтін, оларға тиянақты, сапалы білім беретін, өз ісімен, ғылыми еңбегімен үлгі беретін ұстаздар алынуы керек.

Екіншіден, «жеті түрлі білім біл, жеті жұрттың тілін біл» дегендей, Президентіміз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауындағы білім беру жүйесінде үш тілдің – мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін атап көрсеткенін білеміз. Бұл дегеніміз оқу орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді. Негізгі мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым – қатынаста өзін еркін ұстап, кез - келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру.

Осыны негізге алсақ, әрбір жаңашыл ұстаз үш тілді білуі құқығы емес, міндеті деп сезінуі тиіс. Ал, басшылық тарапынан оқытушыларға тілді меңгеруге мүмкіндік беріп, факультет ішінен тегін ағылшын курстарын ашып, білім өрісін кеңейтсе нұр үстіне нұр болар еді. Сонымен қатар, бізде қазақ және орыс тілдерін игеру сияқты ағылшын тілін үйрену, сондай-ақ осы тілде сабақ беруде көптеген кемшіліктер бар екені деп жасырын емес. Оның салдарын барлығымыз сезініп отырмыз. Көптілді білім беру жүйесі аясында білім саласындағы оқу-әдістемелік құралдар қайта қарастырылады. Себебі осы саладағы ағылшын тілін оқыту жұмысы әлемдік талапқа сай емес. Осыған байланысты келешекте осы мәселені шешу үшін нақты іс-шаралар өткізілу керек. Сондықтан жоғары білім беруді жаңартудың негізгі құжаттарында ең негізгі мақсат білікті маман даярлау деп көрсетілген болатын. Ол жауапкершілігі мол, өз мамандығы бойынша халықаралық стандарт деңгейінде тиімді іс-әрекетке қабілетті болуы, кәсіби деңгейінің өсуіне ынталы болуы, әлеуметтік және кәсіби бейімділігі жоғары, үш тілді: мемлекеттік тілді – қазақ тілін, ұлтаралық қатынас құралы ретінде орыс тілін, дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірігу тілі ретінде ағылшын тілін еркін меңгерген тұлға болуы тиіс. Бұл міндетті шешудің маңыздылығы Қазақстанның жаһандану жағдайында ұлттық білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылысымен анықталады. Оның жүзеге асырылуына Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың кезіндегі «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасы септігін тигізді деп айтар едік.

Үшіншіден, педагогтардың мәртебесін көтеру қажет. Өткен жылы Елбасының жолдауында да елімізде білімді мамандар даярлаудың, әсіресе педагог мәртебесін көтеру, педагогтардың экономикалық әл-ауқатын көтеру аса маңызды мемлекеттік шара екендігі ерекше ескертілді. Өте орынды, ұстаздардың мәртебесін көтерудің бірден-бір жолы – өлшеусіз еңбегін ескеріп, бағалау, еңсесін көтеру.

Қазіргі білім беру саласы қызметкерлерінің алдында тұрған басты проблема – жаңа формацияның жаңа ұстазын қалыптастыру, ал, жаңашыл ұстаз жағдайын айтып жасаурап, материалдық тұрғыда мұңын шақпай, керісінше, рухани дүниесі бай, өмір жолын білімге ғана арнаған тұлға болуы тиіс. Сондықтан да, ұстаз мәртебесін көтеру бұл тұтастай қоғам болып жабыла атсалысуды талап етеді. Талқыға түсіп жатқан заң жобасы кең ауқымды қарастырылып, еңбек елеусіз қалмаса, ұстаздардың қоғам алдындағы жауапкершілігі де, мәртебесі де артатыны сөзсіз.

**Б. ҚОНЫСБАЙ,**
**А. МОЛДАҒАЛИЕВА,**
*кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушылары*



ҚазҰУ «Әлеуметтік медиа – төзімділік және цифрлық диалог құралы»
VI Халықаралық журналистика және коммуникация атты қысқы мектеп өткізеді

Jastar JYLY QAZAQSTAN 2019

# Ғылымға құштар ЖАСТАР

**Елімізде жастар білім-ғылымға ұмтылып келеді. Тіпті, осы саланың қарышты дамуы үшін, Елбасының өзі нақты тапсырмалар берді. Күні кеше ғана өткен «Тәуелсіздіктің ұрпақтары» атты Жастар жылының ашылуында да ғылым мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Ал одан бөлек айтылған ойлардың жалғасын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткен студенттік форумы талқылады. Онда университетіміздің ғылым-білімінде елеулі табысқа жеткен студент-магистрант-докторант-постдокторанттар сөз алып, жеткен жетістіктері мен ғылымдағы жолдарынан әңгіме өрбітті.**



**Нұрсұлтан МЕЙРАМБЕКҰЛЫ,**
*физика-техникалық факультетінің 1-курс докторанты:*

– Бакалавриат бөліміне оқуға түскенде үлкен ғылыми жобаларға қатысып, еңбек етімін деп ойламаппын. Себебі, мен де қарапайым студент болдым. Бірақ та, кафедрадағы оқытушы-профессорлардың басшылығымен және өз еңбегіміздің арқасында үлкен жобаларға жұмыс істеуге мүмкіндік алдық. Біздің жобамыздың негізінде, университетімізде бірінші рет «ғарыштық техника және технологиялар мектебі» құрылып, нәтижесінде, ел тарихында алғаш рет наножерсерігін ғарышқа ұшырдық. Олар 2017 жылы ақпан айында «Al-Farabi-1», ал 2018 жылы желтоқсан айында «Al-Farabi-2» наножерсерігі еді. Аталмыш наножерсеріктер университетіміздің ғылыми зерттеу жұмыстары мен білім беру саласында сәтті пайдалануда.

Әлемнің ең үзік университеттерінде ғана – ғарыштық зерттеу институттары бар. Демек, ҚазҰУ әлемдік беткеұстар университеттің көрінісі ретінде, ел тарихындағы ЖОО-да көш бастап тұр. Бұл наножерсеріктері 10 келілік кіші ғарыштық аппараттар ғана болса, қазіргі таңда 100 келіге дейінгі микрожерсеріктерін ғарышқа ұшыру жоспарлануда. Осы жобаны жүзеге асыруда біз білікті, еңбекқор студенттер мен жас мамандарды қатарымызға қосылуға шақырамын. Бұл жұмыстарда компьютерлік графика, бағдарламалау, мәліметтерді сараптау бағыттарында жұмыс жүргізілуде. Осы бағыттар бойынша, студенттер жұмысқа орналаса алады. Жастар – жас кезінде иілгіш. Ол кез - келген нәрсені игеруге, дамытуға бейім болады. Сондықтан да, Сіз де ғылымға келе аласыз. Ғылым сізді – күтеді!





**Дастан ҚАСТАЙ,**
*журналистика факультетінің 3 курс студенті,*
*Президенттік шәкіртақы иегері,*
*Жастар ұйымдары комитетінің белсенді мүшесі:*

- Қазақстанның жаңа заманауи қалпын қалыптастыруда, біздің ҚазҰУ жастарының маңызы айрықша. ҚазҰУ–әрбіріміз үшін мол мүмкіндіктер мекені. Артық айтқандық емес, университетіміздегі қайсыбір орталықты алсақ та, мен мұңдалап өзінің көмегін тигізуде.

Біз өз-өзімізді дамытайық, санамыз ашық, әрі терең. Біздің барлығымызды біріктіретін бір құдіретті күш бар, ол ұлттық университеміздің қабырғасында қашалған – ұлттық мүдде. Осы мүддеміз берік болған жағдайда, біздің еліміздің жастары қашанда потенциалы жоғары, әлемдік ареналарда биік белестерден көріне береді деген сенімдемін. Жасай беріңіздер!



**Қанат ТУЛЕНОВ,**
*механика-математика факультетінің 1-курс постдокторанты:*

– Биылғы оқу жылында елімізде бірінші рет ҚазҰУ-да ашылған постдокторантура бағдарламасының қатысушысымын. Осыған үлес қосқан университет ректоры, академик Ғ. Мұтановқа алғыс білдіремін. Мен ғылымдағы жолымды осы ҚазҰУ-да 2009-2010 жылдары бастадым. Бірақ, бұл оңай жол емес. Десек те, бізде оған көптеген мүмкіндіктер бар.

Ғылым жолында адамға нық мақсат керек. Сол жолға шыдай білетін шыдамдылық, төзімділік ең қажеттісі. «Математика» мамандығын оқып жүргенде, ғылыми семинарлар болатын. Менде «Ғалым боламын» деген нық мақсат болды. Мәселен, магистратура оқып жүргенде, бізге шет мемлекеттерден мықты профессорлар дәріс оқуға келетін. Біз солардың дәрістеріне қызығып қатысатынбыз. Олар әр мемлекеттен келгендіктен, ғылымның кейбір жаңа салаларын айтып жататын.

Біз академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шет елден білім алдық. Ол жақта жүріп ғылыми мақаламыз жарық көрді, әрі диссертациямызды жазып қайттық. Ары қарай, докторантураға түстік. Ғылым жолын қудық. Шет елдердегі сияқты, бізде де осы постдокторантура болса дейтінбіз. Сол арманымыз да сәтті орындалды.

Постдокторантура–өзіңнің ғылыми жұмысыңды жалғастыру. Ол жерде арнайы оқу жоқ. Тек ғылымды терең дамытуға берілген үлкен мүмкіндік. Менің өткен де, қазіргі де, келешектегі де мақсатым – әлемдік дәрежеде өз саламның маманы болып, Қазақстанда сол сала бойынша мектеп қалыптастыру.

Қазақ халқы әнші-биші, күйшіден кем емес, бірақ қазаққа ғалым да керек. Біз дамыған елдің қатарына кіру үшін, бізден мықты-мықты ғалымдар шығуы тиіс. Сол ғалым болатын азаматтар, біз секілді, сіз секілді – жастар!



**Зәмзәгүл ХАМЗА,**
*журналистика факультетінің 2-курс студенті,*
*«Болон үдерісі бойынша студенттік бюро» ұйымының белсенді мүшесі:*

– Адам өмірге не үшін келеді? Жай ғана «дүниеден өту» үшін келмейді, нақты, мағыналы өмір сүріп, артынан өшпес із қалдыру үшін келеді. Біздің әр әрекетіміз – мемлекетіміздің болашағын қалыптастырады. Сондықтан, оған жауапкершілікпен қарау керек.

Білімді, жігерлі, талапты, талантты жастар ғана, елдің ертеңін гүлдендіре алады. Оның алғашқы қадамдары университеттен, өз оқу орнынан басталады. Сондықтан, өз біліміңді барынша шыңдап, адал өмір сүргенің дұрыс. Сол ғана, сені биікке шығарады, жетістікке жетелейді. Адал болу–адамдық келбетің. Адам болу–өмірінің мәні, мағыналы ғұмырының көрінісі. Сондықтан, білімді, майталман елдің жастары болайық!



*Бетті дайындаған:* **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,**
*философия кафедрасының 2-курс докторанты*

**В КазНУ открылась фотовыставка «Настоящий Восток. Жизнь в ГДР», приуроченная к 30-летию падения Берлинской стены**

# ҚазҰУ-да ЖАСТАР ФОРУМЫ ӨТТІ













**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор: ***Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ***

Тілшілер: ***Еңлік АҚЖІГІТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА***

Фототілші: ***Марат ЖҮНІСБЕКОВ***

Корректор: ***Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА***

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
***kazuniver2016gazeta@gmail.com***

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

***Бағасы келісім бойынша.***
***Таралымы 1000 дана***
***Тапсырыс: №114***

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.